

« 14 » ақпан 2023 ж.
№ 24 бұйрыққа
1-қосымша

**«Менің әдістемелік қоржыным»
қалалық конкурсын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. «Менің әдістемелік қоржыным» конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ережесі конкурстың мақсаттары мен міндеттерін, оны ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындап, конкурсқа ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптарды, оларды бағалау өлшемдерін, жеңімпаздарды анықтап, марапаттау тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдастырушы: «Әдістемелік орталығы» МКҚК

3. Конкурсқа жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін еңбек өтілі 5 жылдан кем емес қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері (Т1) қатыса алады.

4. Өтетін уақыты: 01.03-20.03.2023 ж.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты: педагогтердің шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру, кәсіби өсуіне ықпал жасап, тәжірибелерін тарату.

Міндеттері:

- білім берудегі инновациялық процестердің сапасын арттыру;
- педагогтердің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттілігін дамыту;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану деңгейін жетілдіру;
- педагогтердің үздік тәжірибелік қызметін жалпылау және тарату;
- шеберлік сынып әдістемелік қоржынын құру;
- озық тәжірибенің ақпараттық әдістемелік деректер банкін толықтыру.

III. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Конкурсты ұйымдастыру және өткізіп, қорытындысын шығару үшін байқаудың комиссия мүшелері құрылады.

2. Конкурстың комиссия мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

3. Комиссия құрамы білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби байқауларының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, қалалық Педагогтер қауымдастығының мүшелерінен, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен құрылады.

А.А.А.

4. Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды ұйымдастырушылар екі апта бұрын орталықтың интернет-ресурстарында орналастырады.

5. Қалалық комиссия құрамы байқаудың екі кезеңін бағалайды, екі кезең бойынша қорытынды шығарып, жеңімпаздар туралы шешім қабылдап, жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады.

6. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

IV. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Конкурсқа қатысу үшін 2023 жылдың 5-інші наурызына дейін til.mamany@bk.ru электронды поштасына осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес байқауға қатысу үшін өтінім жіберуі қажет.

4.2. Конкурстың кезеңдері:

а) I кезең. Конкурстың «Менің жанашыл педагогтік іс-тәжірибем» тақырыбындағы I кезең онлайн форматта өтеді. Байқауға сабақта оқу мақсаттарын жүзеге асырудың теориялық және практикалық материалдары бар әдістер мен жұмыс тәсілдері түсірілген бейнежазба қабылданады. Бейнежазбаны дайындау үшін «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінің үлгілік бағдарламасына сәйкес Ереженің 2-қосымшасында берілген оқу мақсаттарының бірін таңдап алуы шарт (2-қосымшаны қараңыз).

Қатысушы дайындаған бейнесабак 10 наурызға дейін til.mamany@bk.ru электронды поштасына негізгі талаптарды сақтай отырып жіберуі қажет.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- ажыратымдылығы HD төмен емес (1280x720);
- форматы mp4;
- құжатқа қатысушының аты жазылуы қажет;
- бейнематериалдың ұзақтығы 3-5 минут.

Бейнематериалды бағалау критерийлері:

- 1) бейнежазба мазмұны: оқу мақсаты теориясын, мазмұнын аша алуы, ғылымилығы
- 2) таңдалған әдістердің, құралдарының, оқу мақсатына сәйкестігі;
- 3) педагогикалық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдануы;
- 4) оқу мақсатын жүзеге асыру әдістемесі және тиімді әдіс-тәсілді ұсына алуы;
- 5) дыбыстық-бейне технологияларын қолдануы;
- 6) жұмысты ресімдеу тәртібі;
- 7) дыбыстық-бейнелік сүйемелдеу сапасы.

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған, кешіктірілген өтінім қабылданбайды. Екінші кезеңге бірінші кезең бойынша 80 пайыз балл алған педагогтер қатыса алады.

ә) II кезең.

Конкурстың II кезеңі 16 наурыз күні «Мұғалімнің ізденісі мен ілімі –

білімнің кілті» тақырыбындағы шебер-сынып офлайн форматта өтеді. Екінші кезеңге өткен қатысушы ереженің 2-қосымшада берілген «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша берілген оқу мақсаттарына негіздеп шебер-сынып өткізеді. *(Пәнін, тақырыбы мен оқыту мақсатын конкурс комиссиясы ұсынған жабық конверпен алады. Қатысушы тапсырмаға 30 минут ішінде дайындалып, шебер-сынып көрсету керек.)*
Регламент – 10 минут.

Бағалау критерийлері:

- мақсатын анықтау;
- тиімді әдіс-тәсілдер;
- дарынды оқушылармен, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс;
- жүйелілік;
- тәжірибенің жаңашылдығы;
- қалыптастырушы бағалау;
- күтілетін нәтижесінің айқындығы.

3. Конкурса қатысушыға қойылатын талаптар:

3.1. Өз жұмысын жібере отырып автор жұмысын тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернетте орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге құқығын береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өңдеуге;

- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

IV. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Конкурстың қорытындысы 2023 жылғы 20 наурыз күні сайтқа жарияланады.

2. Қалалық комиссия мүшелері байқаудың екі кезеңінің қорытындысы бойынша жеңімпазды («бас жүлде»), жүлдегерлерді (1, 2, 3 орын) анықтайды.

3. Конкурс нәтижесі бойынша бас жүлде, 1,2,3 дәрежелі дипломымен марапатталады. Марапаттау рәсімі қосымша хабарланады.

4. Конкурстың нәтижелері байқау аяқталған соң, күнтізбелік 10 күн ішінде орталықтың интернет-ресурстарында және орталықтың сайтында (<https://astana-modern.kz/>) орналастырылады.

Анықтама телефоны: 87754497385, 87016482855

**«Менің әдістемелік қоржыным»
қалалық конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
4	Бейнероликавторының электронды мекенжайы	
5	Байланыс телефоны	
6	Бейнероликтің/ файлдың атауы	

«Қазақ тілі» пәні бойынша бейнесабак және шебер-сынып өткізуге берілген оқу мақсаттары:

5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктері не сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу;

5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу;

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу;

6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу ("келісу, келіспеу" эссесі);

7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу;

7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе);

7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу;

8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);

8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;

9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;

9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);

9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;

10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау

10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден

деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу; 10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;

11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру

11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу мақсаттары:

5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу

5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу;

6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатына сын отбасы лық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау

7.12.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау;

7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;

8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау;

8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау

8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;

8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;

8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу;

8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазу;

9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау;

9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау;

- 9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
- 9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру;
- 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
- 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу;
- 10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру;
- 10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
- 10.3.4.1 ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу;
- 11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру;
- 11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
- 11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау;
- 11.3.3.1 шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;
- 11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

« 14 » сәуірі 2023 ж.
№ 24 бұйрыққа
2-қосымша

Ұйымдастырушылар:

№	Аты-жөні	Лауазымы
1	Маманова Жанар Сейдахметовна	Орта және мектепке дейінгі білім беру бөлімінің әдіскері
2	Толеубаева Самал Жаксылыовна	М.Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қазақ сыныптары бойынша Педагогтер қауымдастығының көшбасшысы
3	Қарамұрзина Маржан Жолаубаевна	Дарынды қыз балаларға арналған «Білім-Инновация» лицей-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, қазақ сыныптары бойынша Шығармашылық топтың көшбасшысы